Серуен	**Қар тазалайтын машинаны бақылау (карта №26)** Адамдардың еңбегін жеңілдету үшін түрлі техниканы қолданады; адамдарға оның тиімді екенін көрсету.Қар жауғаннан кейін қардың көп болатынына назар аудару.Қолмен қарды тазалау өте қиын және көп уақыт кетеді. Сол себепті адамдар қар тазалайтын машина ойлап тапты, олар тез жұмыс	**Көшені бақылау (карта №27)** Қалада көп көшенің бар екенін, олардың атауы әр түрлі екендігін машықтандыру және балабақша қай көшеде орналасқандығын білу. Балабақша жанында қандай мекемелер орналасқандығын айыра білу.(дүкен, дәріхана, банк, почта,колледж, кітап	**Отырғызылған гүлдерді табиғат бұрышына қою, гүлдерді бақылау. (карта №28)** Балалар бойына бөлме гүлдері,олардың атаулары білімін кеңейту .Бөлме өсімдіктерін күту; бөлме өсімдіктерінің негізгі талаптары бөлімін бекіту,негізгі белгілері туралы мәлімет беру(шіріген, жапырақтары сарғайған	**Қыс соңында баған түбінде орналасқан шеңберді бақылау (карта №29)** Балалардың назарын қыс соңында ағаш жанында пайда болған қарлы шұңқырға аудару.Балаларға баған түбінде орналасқан қарға күннің көзі түскен кезде қардың еритінін , баған түбінде шеңбердің бар екендігін	**Ауа райына бақылау жасау (карта №1) Міндеті:** Көктемгі ауа райы өте құбылмалы,бірақ күннен-күнге күн жылына бастайды.Ауа қысымы көтеріледі. Ашық күндер көп болып,күн сәулесін мол шашады.Аспан сұрғылт түсін ашық көк түске алмастырады

	істейді,машиналар да қарды тиеуге үлгермей кешігіп келіп жатады. Қарды машинамен қырманға апарады. Ол көктемде еріп, өсімдіктің өсуіне ылғал көп болады. **(экологиялық мәдениет)**	баспасы және т.б.). Барлық жерде адамдар жұмыс істейді, әрқайсысы істеген жұмысы басқаларға жақсы және ыңғайлы болғанын қалайды. Есейгенде олар да жұмыс істейді, ол үшін балаларға көп оқу керектігін ескерту қажет.Адамдардың еңбектеріне сыйластықпен қарай білуге машықтандыру **(экологиялық мәдениет)**	және т.б.) , суарудың қосымша түрімен таныстыру.Бөлме өсімдіктерін жақсы көру, оларды күту, тірі ағза сияқты сөйлесуге тәрбиелеу. **(экологиялық мәдениет)**	түсіндіру.Бұл көктем мезгілі жақындады деген алғашқы белгі.Өз зерттеулері бойынша тәрбиешінің берген сұрағына жауап таба білу дағдыларын тәрбиелеу. **(экологиялық мәдениет)**	**(экологиялық мәдениет)**
Серуеннен оралу	Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату. Серуеннен оралдық, Көңілді боп таралдық. Аяқ, қолға дем беріп, Сауықтық та, ойнадық! Күн мен жел де күледі, Бәрі бізге тіледі. Қолды жуып, дем алайық, Кел, бөлмеге кірейік! **Мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет.**				
Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу	**Жоба:** «Кел, балалар, оқылық**»** **Қыс туралы мақал-мәтелдерді айтқызу** **Міндеті:**. Айналасында болып жатқан оқиғаларға өзінің көзқарасын	**Жоба:** «Кел, балалар, оқылық» **Жаңылтпашты айтқызу** **Міндеті:** Шешендікке, сөз өнеріне баулу	**Жоба:** «Кел, балалар, оқылық» **Дидактикалық ойын:** «Жұмбақты шеш» **Міндеті:**	**Жоба:** «Кел, балалар, оқылық» **«Толағай» ертегісін оқу** **Міндеті:** Балаларды қол жетімді көркем шығармалар мен	**Жоба:** «Кел, балалар, оқылық» **Театраландырылған ойын:** **«**Толағай» ертегісін сахналау

іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)	білдіруге құлшынысын дамыту, сөйлегенде мақал-мәтелдерді қолдануға машықтандыру. **(қарым-қатынас іс-әрекеті)** **Қауіпсіздік сабағы:** **Әңгімелесу:** «Бөтен адаммен сөйлеспе» **Міндеті:** Бейтаныс адамдармен араласу кезіндегі сақтық шараларын машықтандыру. **(«Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы»)** **Еркін ойын** **Міндеті:** Құрдастарымен өз бетінше қарым-қатынас жасай алуға, әртүрлі ойындарды бірге, келісіп ойнауға дағдыландыру **(қарым-қатынас іс-әрекеті)** **Сөздік минимум:** татуласыңдар, бірге ойнайық, алуға бола ма? Рұқсат па? Ренжімеңіз!	жаңылтпаштарды жатқа айтуға машықтандыру **(қарым-қатынас іс-әрекеті)** **Қауіпсіздік сабағы:** **Әңгімелесу:** «Жақсы деген немене, жаман деген немене? **Міндеті:** балабақша тобындағы міндеттері туралы түсініктерін кеңейту. Ненің "дұрыс" немесе "дұрыс емес", "жақсы" немесе "жаман" екенін түсінуге және ажырата білуге машықтандыру **(«Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы»)** **Еркін ойын** **Міндеті:** Құрдастарымен өз бетінше қарым-қатынас жасай алуға, әртүрлі ойындарды бірге, келісіп ойнауға дағдыландыру **(қарым-қатынас іс-әрекеті)** **Сөздік минимум:** татуласыңдар, бірге ойнайық, алуға бола	Шешендікке, сөз өнеріне баулу, жұмбақ шешуге дағдыландыру **(қарым-қатынас іс-әрекеті)** **Қауіпсіздік сабағы:** **Дидактикалық ойын:** «Көлікте» **Міндеті**: көлік түрлері, жол бөліктері (тротуар, жолдың жүру бөлігі мен жаяу жүргіншілер өтетін жол және жерасты жолдары, велосипедке арналған жол) туралы білімдерін қалыптастыру. **(«Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы»)** **Еркін ойын** **Міндеті:** Құрдастарымен өз бетінше қарым-қатынас жасай алуға, әртүрлі ойындарды бірге, келісіп ойнауға дағдыландыру **(қарым-қатынас іс-әрекеті)** **Сөздік минимум:** татуласыңдар, бірге ойнайық, алуға бола ма? Рұқсат па? Ренжімеңіз!	фольклорға, театр әлеміне баулу, кітапқа деген қызығушылығын дамыту **(қарым-қатынас іс-әрекеті)** **Қауіпсіздік сабағы:** **Дидактикалық ойын:** «Жаяу жүргіншілер» **Міндеті**: бағдаршам белгілері, жолда жүру ережелері туралы білімдерін қалыптастыру. **Сөздік минимум:** бағдаршам, жүргіншілер жолы, самокат, велосипед. **(«Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы»)** **Еркін ойын** **Міндеті:** Құрдастарымен өз бетінше қарым-қатынас жасай алуға, әртүрлі ойындарды бірге, келісіп ойнауға дағдыландыру **(қарым-қатынас іс-әрекеті)**	**Міндеті:** Сахналық қойылымдарға қатысуға баулу, онда рөлді, сюжетті таңдауда бастамашылық пен дербестік танытуға ынталандыру. **(қарым-қатынас іс-әрекеті)** **Қауіпсіздік сабағы:** **Дидактикалық ойын:** «Дала және жол заңдары» **Міндеті:** Балалардың өз есімін, тегін, жасын, ата-аналарының атын білуді бекіту, кездейсоқ жағдайларда (адасып қалу, құлау) өзін дұрыс ұстауға үйрету **(«Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы»)** **Еркін ойын** **Міндеті:** Құрдастарымен өз бетінше қарым-қатынас жасай алуға, әртүрлі ойындарды бірге,

		ма? Рұқсат па? Ренжімеңіз!			келісіп ойнауға дағдыландыру **(қарым-қатынас іс-әрекеті)**
Балалардың үйге қайтуы	Қысқы табиғат туралы баласымен әңгіме жүргізуді ұсыну.	Құстарға жемсалғыш жасауды ұсыну	Ата аналарды балабақшада бойынша жүргізілетін жұмыс жоспарымен таныстыру	Ата-аналардың сұрақтарына жауап беру	Балалар отбасында өздері не істей алатындары туралы әңгімелесу.

Дидактикалық ойындар:

1 апта

«1-10 санау»
Міндеті: 10 көлеміндегі сандарды тура және кері санау дағдыларын бекіту, «Қанша?», «Нешінші?» сұрақтарын ажырату.
Ойын ережесі: Балалар шеңберге тұрады немесе үстел басына отырады. Тәрбиеші допты лақтырып, бір санды атайды (мысалы, «3»). Допты қағып алған бала сандарды ілгері немесе кері қарай жалғастырып санауы керек. Тәрбиеші заттардың суретін көрсетіп «Қанша?» немесе «Мынау нешінші зат?» деп сұрағанда, балалар реттік сан есіммен нақты жауап беруі тиіс.

«Киіз үй»
Міндеті: Қазақ халқының тұрмыстық кәсібі, киіз үй жабдықтары (ши, бау, басқұр, арқан, жіп) туралы білімді бекіту.
Ойын ережесі: Үстел үстіне киіз үйдің құрамдас бөліктері мен жабдықтарының суреттері қойылады. Тәрбиеші бір жабдықтың сипаттамасын айтады немесе жұмбақ жасырады (мысалы: «Киіз үйдің керегесін сыртынан орап тұратын тоқылған жалпақ бау»). Балалар жылдам сол заттың (басқұр) суретін тауып, атын атап, оның киіз үйге не үшін қажет екенін айтып беруі керек.

«Дүкен» (Қаржылық сауаттылық)
Міндеті: Ақша ұғымын қалыптастыру, сатып алу-сату әрекетін түсіну, заттар тобын жиын ретінде ұғыну.
Ойын ережесі: Сөрелерге ойыншық тауарлар қойылып, оларға бағалар (1-10 көлеміндегі цифрлар) белгіленеді. Балалар «сатып алушы» және «сатушы» рөлдеріне бөлінеді. Сатып алушы өзіне қажетті тауарды таңдап, бағасына сәйкес ойыншық ақшаны (монета немесе купюраны) сатушыға береді. «Сатушы» ақшаны санап қабылдап, тауарды ұсынады және алғыс айтады.

«Менің құқығым» (Құқықтық сауаттылық)
Міндеті: Баланың негізгі құқықтарын (ойнау, оқу, демалу, қауіпсіздік) ажырата білуге үйрету.
Ойын ережесі: Тәрбиеші балаларға ойын, оқу, демалу, тамақ, дәрігер, отбасы бейнеленген суретті карточкаларды көрсетеді. Балалар сурет бойынша бұл қандай құқық екенін атайды. Тәрбиеші: «Бұл неге маңызды?» деп сұрағанда, бала қысқаша өз ойын жеткізеді (мысалы: «Әр баланың демалуға және ойнауға құқығы бар»).

«Ақша қайдан келеді?» (Қаржылық сауаттылық)
Міндеті: Еңбек пен табыс (ақша) арасындағы байланысты түсіндіру, сандардың пайда болуын ұғындыру.
Ойын ережесі: Тәрбиеші балаларға әртүрлі мамандық иелерінің (дәрігер, мұғалім, аспаз, құрылысшы) еңбек сәттері бейнеленген суреттерді көрсетеді. Балалар «Адамдар ақшаны қайдан алады?» деген сұраққа «Еңбек етіп, жұмыс істеп табады» деп жауап беруі керек. Еңбек етпеген адамға ақша төленбейтіні туралы ереже түсіндіріледі.

«Дұрыс – бұрыс» (Құқықтық сауаттылық)
Міндеті: Құқықтық жағдаяттарды ажырату, өз әрекетінің салдарын түсіну.
Ойын ережесі: Әр балаға бір жасыл және бір қызыл түсті дөңгелекшелер беріледі. Тәрбиеші түрлі жағдаяттарды оқиды: «Досыңның ойыншығын рұқсатсыз алу», «Үлкендердің сөзін бөлмей, өз кезегін күту». Егер әрекет дұрыс әрі заңды болса – балалар жасыл, ал бұрыс (басқаның құқығын бұзу) болса – қызыл дөңгелекшені көтереді.

«Артық па, қажет пе?» (Қаржылық сауаттылық)
Міндеті: Бірінші кезекте қажетті заттар мен екінші кезектегі (артық) заттарды ажырату, үнемшілдікке баулу.
Ойын ережесі: Балаларға тамақ, киім, үй, суреттерімен қатар қымбат ойыншықтар, тәттілер, әшекейлер суреттері араластырылып беріледі. Балалар карточкаларды екі топқа бөлуі керек: «Өмір сүруге ең қажетті заттар» (нан, су, үй, киім) және «Талғауға байланысты, анша қажеті жоқ заттар» (ойыншық компьютер, шоколад).

«Менің міндеттерім» (Құқықтық сауаттылық)
Міндеті: Баланың құқықтармен қатар өз міндеттері (тазалық, тәртіп сақтау) бар екенін түсіндіру.
Ойын ережесі: Үстел үстіне баланың міндеттері бейнеленген суреттер (ойыншықтарды жинау, тіс тазалау, үлкендерді тыңдау, гүлге су құю) қойылады. Бала өз қалауымен бір суретті таңдап алып: «Бұл менің міндетім, мен үйшікті/ойыншықтарды жинауым керек» деп айтады және «Бұл міндетті не үшін орындау керек?» деген сұраққа жауап береді.

«Сандар тізбегі»
Міндеті: 10 көлеміндегі сандарды салыстыру, теңдік пен теңсіздікті анықтау.
Ойын ережесі: Тәрбиеші тақтаға немесе фланелеграфқа сандар қатарын араластырып қояды немесе заттар тобын (мысалы, 5 қоян, 4 сәбіз) орналастырады. Балар сан тізбегін ретімен қоюы керек. Заттарды салыстыра отырып, «Саны кем затқа бір зат қосу арқылы» немесе «Саны көп заттан біреуін алып тастау арқылы» теңдікті қалай шығаруға болатынын іс жүзінде көрсетуі тиіс.

«Бағаны тап» (Қаржылық сауаттылық)
Міндеті: Сандарды ажырату, салыстыру, «Қанша?», «Нешінші?» сұрақтарына жауап беру.
Ойын ережесі: Ойыншықтардың астына әртүрлі баға жазылған қағаздар қойылады. Бала заттарды бағасының өсу немесе кему ретімен орналастыруы керек. Тәрбиеші: «Ең қымбат ойыншық нешінші тұр?», «Мына қонжық қанша тұрады?» деп сұрағанда, бала бағасындағы цифрды атап, салыстырады.

«Мен не істер едім?» (Құқықтық сауаттылық)
Міндеті: Ситуациялық жағдаяттарда заңға сай, қауіпсіз мінез-құлық қалыптастыру.
Ойын ережесі: Тәрбиеші балаларға ситуациялық сурет көрсетеді немесе сұрақ қояды. Мысалы: «Егер далада сені біреу ренжітсе не істейсің?» немесе «Көшеде бейтаныс адам шақырса не істер едің?». Балалар дұрыс және қауіпсіз шешімді айтуы керек: «Айқайлап көмек шақырамын», «Ата-анама айтамын».

«Дыбыстарды ажырат»
Міндеті: Фонематикалық есту қабілетін, артикуляциялық аппаратты дамыту, интонацияны реттеу.
Ойын ережесі: Тәрбиеші әртүрлі дыбыстарды (мысалы, табиғат дыбыстары, жануарлар дыбыстары немесе ұқсас б-п, г-ғ дыбыстары бар сөздерді) айтады немесе дыбыстайды. Балалар қандай дыбыс екенін ажыратып, анық қайталауы керек. Сөздерді жуан, жіңішке, ақырын немесе қатты дауыспен айту тапсырылады.

«Аттар тұяқтарымен тарсылдатады»
Міндеті: Сөздерге дыбыстық талдау жасау, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау.
Ойын ережесі: Балалар «Тарс-тарс» деп аттың тұяқ қағысын саусақтарымен үстел үстінде ойнатады. Тәрбиеші бір сөз айтқанда (мысалы, «ат», «қар»), балалар бұл сөзде неше дыбыс бар екенін тауып, бірінші дыбыстың дауысты не дауыссыз екенін текшелермен (қызыл, көк) белгілейді.

«Жұмбақтың жауабын мүсінде»
Міндеті: Жұмбақтарды шешу арқылы логикалық ойлауды дамыту, қол моторикасын жетілдіру.
Ойын ережесі: Тәрбиеші бір зат немесе жануар туралы жұмбақ жасырады. Балалар жұмбақтың шешуін іштей тауып, оны дауыстап айтпайды, ермексаздан (пластилиннен) сол заттың пішінін мүсіндеп шығады. Дайын болғанда бәрі бірге жұмбақтың шешуін тексереді.

«Әртүрлі сөздерді жинақта»
Міндеті: Сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолдана білуге машықтандыру.
Ойын ережесі: Тәрбиеші бір негізгі сөзді атайды (мысалы, «кітап» немесе «топ»). Балалар осы сөзді тәуелдеп («менің кітабым, сенің кітабың») немесе көптік жалғауда («кітаптар») жылдам өзгертіп, тізбек бойынша айтып шығуы керек. Қателескен бала ойыннан шығады.

«Бұрқасын қандай?» (Серуендегі ойын)
Міндеті: Балаларды қысқы табиғат құбылысымен таныстыру, сөздік қорын сын есімдермен байыту.
Ойын ережесі: Серуен кезінде тәрбиеші: «Балалар, айналаға қараңдаршы, бұрқасын болып тұр. Бұрқасын қандай болады?» деп сұрақ қояды. Балалар кезекпен «суық», «ызғарлы», «ақ түсті», «қатты (желді)» деп сипаттама сөздерді тауып айтулары керек.

«Ағаш па әлде бұта ма?» (Серуендегі ойын)
Міндеті: Ағаштар мен бұталардың сыртқы белгілерін ажырату, сипаттай білу.

Ойын ережесі: Тәрбиеші ауладағы өсімдіктерді көрсетеді немесе сипаттайды (мысалы: «Бір ғана жуан діңі бар, биік өседі... бұл не?»). Балалар «Ағаш!» деп жауап береді. Ал «Діңі көп, бойы аласа, бұтақтары көп... бұл не?» дегенде «Бұта!» деп ажыратады және ауладан олардың мысалдарын тауып көрсетеді.

«Қыс мезгіліндегі қауіпсіздік» (Қауіпсіздік сабағы)
Міндеті: Қыста кездейсоқ жағдайларда (мұзда сырғанау, боран, аязда) өзін дұрыс ұстау ережелерін бекіту.
Ойын ережесі: Тәрбиеші балаларға қауіпті жағдаяттар айтады (мысалы: «Жұқа мұздың үстіне шығу», «Қатты аязда қолғапсыз жүру»). Балалар бұл жағдайда не істеу керектігін айтады: «Мұзға шығуға болмайды, құлап кетеміз», «Аязда беті-қолды жылы ұстау керек».

«Қауіпті заттарды жина» (Қауіпсіздік сабағы)
Міндеті: Үйдегі өткір, кесетін және қауіпті заттарды тану, қауіпсіздік ережесін сақтау.
Ойын ережесі: Ортада ойыншықтар мен қауіпті заттардың (қайшы, пышақ, ине, дәрілер, үтік, доп, қуыршақ) суреттері араласып жатады. Балалар екі топқа бөлінеді. Бірінші топ — «қауіпсіз ойыншықтарды» жасыл себетке, екінші топ — «уақытша тиісуге болмайтын қауіпті заттарды» қызыл жәшікке жылдам жинауы тиіс.
«Аяздағы қауіпсіздік» (Қауіпсіздік сабағы)
Міндеті: Үсік шалудан сақтану, қысқы ауа райында өзін күту ережелерін үйрету.
Ойын ережесі: Тәрбиеші «Аязда сыртта ұзақ тұрып қалсаң не істейсің?», «Темірді тілмен жалауға бола ма?» деген сұрақтар қояды. Балалар темірді ұстауға/жалауға болмайтынын, аяз өткенде бірден жылы бөлмеге кіру керектігін айтып, ережелерді бекітеді.

2 апта

«Телеграф»
Міндеті: Сөздерді буынға дұрыс бөлуге машықтандыру, таза дикцияны дамыту.
Ойын ережесі: Тәрбиеші бір сөзді атайды (мысалы: «Ба-ла-пан», «Қар»). Балалар «телеграфшы» болып, сол сөздің ішінде неше буын болса, сонша рет қолдарын шапалақтап (соғып) «дыбыс» береді. Буын санын қатесіз тапқан бала жеңіске жетеді.

«Әңгімеле»
Міндеті: Суреттер бойынша 5-6 сөйлемнен тұратын сипаттау әңгімесін құрау, диалогтік сөйлеуді дамыту.
Ойын ережесі: Балаға бір немесе бірнеше өзара байланысты сюжетті сурет ұсынылады. Бала суретке қарап, ондағы оқиғаны, кейіпкерлердің іс-әрекетін сипаттап, «оған дейін не болды?» және «одан кейін не болады?» деген сұрақтар төңірегінде қысқаша әңгіме құрап айтады.

«Адасқан цифрлар»
Міндеті: 10 көлеміндегі сандардың ретін табу, сандарды салыстыру.
Ойын ережесі: Тақтаға 1-ден 10-ға дейінгі цифрлар орындары ауыстырылып, араластырылып қойылады (мысалы: 1, 2, 4, 3, 5, 7, 6...). Балалардың міндеті — «адасқан» цифрларды тауып, өз орындарына ретімен қою (тура және кері бағытта).

«Жауабын айт» (Сөздік ойын)
Міндеті: Сөздік қорды тұрмыстық заттарды білдіретін зат есімдермен және сын есімдермен байыту.
Ойын ережесі: Тәрбиеші бір затты көрсетеді немесе атайды (мысалы: «тостаған», «киіз»). Балалар бұл заттың неден жасалғанын, қандай екенін (мысалы: «ағаш тостаған», «жылы киіз», «әдемі көйлек») тез тауып, қасиетін білдіретін сөздермен жауап береді.

«Қызыл-ақ»
Міндеті: Сөз ішіндегі белгілі бір дыбысты таба білу, фонематикалық есту қабілетін дамыту.
Ойын ережесі: Тәрбиеші белгілі бір дыбысты атайды (мысалы, [А] дыбысы). Кейін түрлі сөздерді тізбектеп айтады. Егер сөздің ішінде сол дыбыс кездессе — балалар «қызыл» карточканы көтереді, ал ол дыбыс жоқ болса — «ақ» карточканы көтереді.

«Менің атым бар» (Құқықтық сауаттылық)
Міндеті: Әр баланың өз есіміне құқығы бар екенін және жеке тұлға екенін ұғындыру.
Ойын ережесі: Балалар шеңберде отырады. Ортада балалардың есімдері жазылған әдемі карточкалар жатады. Әр бала өз есімін тауып алады (немесе тәрбиеші ұсынады). Бала өз есімін мақтанышпен қатты атап: «Менің атым — Арыстан. Бұл менің өз есімім, мен жеке тұлғамын» деп өз есімінің мағынасын немесе неліктен маңызды екенін айтады.

«Кімнің үйі жақсы?» (Құқықтық сауаттылық)
Міндеті: Баланың тұрғын үйге, баспанаға деген құқығы туралы түсінік беру.
Ойын ережесі: Тәрбиеші балаларға таныс ертегілердің («Үйшік», «Үш торай», «Мұз үй мен ағаш үй») суреттерін көрсетеді немесе үзінді оқиды. Балалар қай кейіпкердің баспана құқығы бұзылғанын (мысалы: «Түлкі қоянның үйін тартып алды, бұл дұрыс емес, әркімнің өз үйі болуы керек») тауып айтады.

«Көмекші алақандар» (Құқықтық/Міндеттер сауаттылығы)
Міндеті: Құқықтармен бірге міндеттердің де қатар жүретінін ұғындыру, жауапкершілікке баулу.
Ойын ережесі: Балаларға қағаздан қиылған түрлі-түсті алақандар беріледі. Тәрбиеші бір құқықты айтады: «Сенің балабақшада ойнауға құқығың бар, бірақ ойыннан кейін не істеуің керек?». Бала қолындағы алақанды көтеріп, міндетін айтады: «Ойыншықтарды орнына жинауым керек».

«Бюджет құрастыр» (Қаржылық сауаттылық)
Міндеті: Ақшаны жоспарлауды үйрету, математикалық амалдарды (қосу, азайту) бекіту.
Ойын ережесі: Балаларға белгілі бір мөлшерде ойыншық монеталар (мысалы, 10 теңге) «отбасылық бюджет» ретінде беріледі. Үстел үстінде «азық-түлік», «коммуналдық төлем», «ойыншықтар», «кино» карточкалары жатады. Балалар ең алдымен ақшаны неге төлеу керектігін жоспарлап, ақшаны бөледі. Артылған ақшаны ғана ойын-сауыққа жұмсау ережесі түсіндіріледі.
«Қауіпсіз және қауіпсіз емес» (Құқықтық сауаттылық)
Міндеті: Баланың жеке қауіпсіздік құқығын және өзін қауіптен қорғау жолдарын түсіндіру.

Ойын ережесі: Балаларға түрлі жағдайлар бейнеленген карточкалар беріледі (мысалы: «бейтаныс адаммен сөйлесу», «бағдаршамнан өту», «сіріңкемен ойнау»). Балалар бұл суреттерді екі топқа бөліп қоюы керек: қауіпсіз әрекеттер — жасыл белгінің тұсына, қауіпті әрекеттер — қызыл белгінің тұсына қойылады.

«Жинақ жәшігі» (Қаржылық сауаттылық)
Міндеті: Ақша жинаудың, үнемдеудің маңызын және мақсатын түсіндіру.
Ойын ережесі: Ойынға «Ақша жинағыш жәшік» (копилка) қойылады. Балаларға күнделікті «еңбегі» немесе «үнемдегені» үшін тиындар беріледі. Бала сол тиынды жәшікке сала отырып, болашақта үлкен, қажетті бір зат (мысалы, мектепке қажетті сөмке немесе кітап) сатып алу үшін ақша жинап жатқанын айтып түсіндіреді.

«Менің таңдауым» (Құқықтық сауаттылық)
Міндеті: Өз пікірін еркін айту, таңдау жасау құқығын дамыту.
Ойын ережесі: Тәрбиеші балаларға екі түрлі іс-әрекет суретін ұсынады (мысалы: «сурет салу» немесе «оригами жасау»). Бала өз қалауы бойынша біреуін таңдап: «Бұл — менің таңдауым. Менің өз қалауымды таңдауға құқығым бар, өйткені маған сурет салған ұнайды» деп өз таңдауының себебін түсіндіреді.

«Сөзді өзгерт» (Сөздік ойын)
Міндеті: Сөздерді жіктеу, тәуелдеу және септік жалғауларын дұрыс қолдану дағдыларын дамыту.
Ойын ережесі: Тәрбиеші бір сөзді (мысалы, «доп») айтып, допты балаға лақтырады және бір сұрақ қояды («кімде?», «немен?»). Допты қағып алған бала сөзді сұраққа сай өзгертіп жауап береді: «доппен», «допта». Сөзді дұрыс өзгерткен бала ойынды жалғастырады.

«Сөйлемді жалғастыр»
Міндеті: Сөйлем туралы бастапқы түсініктерді бекіту, сөздердің байланысын табу.
Ойын ережесі: Тәрбиеші сөйлемді бастайды, бірақ аяқтамайды (мысалы: «Қыста далада қар...»). Балалар кезекпен сөйлемді мағынасына қарай аяқтайтын сөздерді тауып айтуы керек: «...жауады», «...ерімейді». Кейін сөйлемде неше сөз бар екені бірге саналып, талданады.

«Қай ағаштың жапырағы?»
Міндеті: Туған өлкенің өсімдіктері (терек, қайың, шырша, алма ағашы) туралы білімді бекіту.
Ойын ережесі: Үстел үстінде әртүрлі ағаштардың (діңінің, бұтағының) суреттері және бөлек қиылған жапырақтар/бүршіктер жатады. Балалар жапыраққа немесе бүршікке қарап, оның қай ағашқа тиісілі екенін тауып, жанына қояды және ағаштың атын атайды (мысалы: «Мынау — шыршаның бүршігі», «Мынау — қайыңның жапырағы»).

«Қауіпті – қауіпсіз» (Доппен ойын / Қауіпсіздік сабағы)
Міндеті: Жалпы қабылданған қауіпсіздік ережелерін саналы түрде орындауға баулу.

Ойын ережесі: Балалар шеңберге тұрады. Тәрбиеші допты лақтыра отырып, бір әрекетті атайды (мысалы: «Бағдаршамның жасыл түсіне өту», «Бейтаныс итті сипау», «Үйде розеткаға тиісу»). Егер әрекет қауіпсіз болса — бала допты қағып алады, ал қауіпті болса — допты қақпай, кері итеріп жібереді. Түсініктеме береді

3 апта

«Сөзді есіңе сақта»
Ойынның мндеті: Балалардың сөздік қорын молайту, ойлау қабілетін дамыту.
Қажетті құралдар: Әр балаға 4 - 5-тен қиықша немесе сурет.
Ойынның шарты: Тәрбиеші өтілген жаңа дыбысқа байланысты 5-6 сөз айтады, балалар айтылған сөздерді сол қалпында қайталап айтып шығулары керек. Сөздерді шатастырып алса, қолындағы қиықшаны ойын бастаушы балаға береді. Кім қолындағы қиықшасын көбірек сақтай алса, сол жеңімпаз болады.

«Заттар әлеміне саяхат»
Міндеті: топ бөлмесіндегі көптеген әр – түрлі заттарға балалардың назарын аудару. Олардың нақты атаулары мен қасиеттерін балалар біледі ме, жоқ па соны тексеру. Балаларға түрлі жағдайларда және күнделікті өмірде оларды дұрыс пайдалануға дамыту.
Ойын ережесі: Үлкен саяхатшының нұсқауларын орындау. Заттарды көрсете білу және барлығын көрінетіндей, естілетіндей етіп атын атау. Заттардың ерекшелігі
жөнінде және оны қолдану ережесін айту. Қиналған кезде бір – біріне көмектесу.

«Аттар тұяқтарымен тарсылдатады»
Міндеті: Балалардың артикуляциялық аппаратын дамыту. Дыбыстық жаттығу жасау арқылы «р» дыбысын анық айтуға жаттықтыру.
Көрнекіліктер: Аттар суреті және ойыншығы.
Ойын барысы: Тәрбиеші « аттар жолда жүргенде тұяқтарымен тарсылдатады» (тілмен таңдайын қағып көрсетеді) балаларға да тілдерімен таңдайларын тақылдатып қағуды ұсынады. Балалар тілдерімен таңдайларын қағып дәл аттардың жүргенде тұяқтарымен тарсылдатып жүргенін салады « аттар тұяқтарымен тарсылдатады»

«Жұмбақтың жауабын мүсінде»
Міндеті: Заттарды (ойыншықтар, ыдыстар) мүсіндеу, қол мен саусақ қимылдарын жетілдіру.
Ойын ережесі мен барысы: Тәрбиеші балаларға бір зат (мысалы, алма, табақ немесе қуыршақ) туралы жұмбақ жасырады. Балалар жұмбақтың шешуін дауыстап айтпай, ермексаздан мүсіндеп көрсетуі керек

«Жақсы деген немене, жаман деген немене?»

Міндеті: Балаларды адамгершілік құндылықтарға, өз іс-әрекеттері мен басқа адамдардың іс-әрекеттерін бағалай білуге, өз ісіне адал болуға баулу.
Ойын шарты: Тәрбиеші балаларға түрлі ситуациялық суреттерді немесе іс-әрекеттерді көрсетеді. Балалар қай істің «жақсы», қай істің «жаман» екенін ажыратып, өз таңдауларын негіздейді.

4 апта

«Оң және сол»
Міндеті: оң және солды ажыратуға жаттықтыру.
Ойынның мазмұны: Бір баланы ортаға шақырып, оң қолына үлкен ойыншықты, сол қолына кішкентай ойыншықты ал деп тапсырма береді.
(математика негіздері

«Не, қайда тұрады?»
Міндеті: Қазақстан аумағын мекендейтін жануарлар мен олардың төлдерін атау және олардың өздеріне тән белгілері бойынша ажырату.
Ережесі: Балалар жануарлардың суреттерін олардың мекендейтін жерлеріне (орман, дала, су және т.б.) сәйкестендіріп орналастыруы және төлдерін дұрыс атауы керек.

Үстел үсті ойындары («Лото», «Мозайка», «Лего»):
Міндеті: Ойлау қабілеттерін және ұсақ мотериканы дамыту.
Барысы/Ережесі: Балалар үстел үстінде логикалық тапсырмаларды орындайды, бөліктерден бүтін құрастырады немесе берілген ереже бойынша элементтерді сәйкестендіреді.

Саусақ жаттығулары:

«Салат»
Сәбізді алып тазалаймыз (оң қолды жұдырыққа түйіп, сол қолдың алақанына ысқылайды)
Үккішпен үгіп майдалаймыз (екі қолды жұдырыққа түйіп кеідеге ұстап, жоғары-төмен қозғайды)
Қанттай сеуіп дәмдейміз (саусақтардың ұшымен қант себеді)
Қаймақ құйып сәндейміз (қолды жұдырыққа түйген күйі (қаймақ құйған сияқты) қол білегін жоғары-төмен қозғайды)
Міне, дайын нәр тағам- (екі қолын алдына жайып көрсетеді)
Дәруменге байыған (алақанымен іштерін сипалап, тойғандықтарын білдіреді)

«Өрмекші»
Күні бойы еңбекпен (оң қолдың бас бармағы мен сол қолдың сұқ саусағының ұштарын түйістіреді, керісінше қайталайды (сол қолдың бас бармағы мен оң қолдың сұқ саусағы)
Өрмекші өрмек тоқиды (саусақтарын сыртылдатады)
Нөсер тек кенет селдеткен (оң алақанмен сол қол алақаның үстінен тез «сырғанап түседі)
Еңбегін оның жоқ қылды (барлық саусақтардың арасын ашып, бір қолдың алақандарына екінші қолдың алақан сыртын беттестіреді «күн» жасайды)
Күн шықты қайта жарқырап (екі қол алақандарын беттестіре жоғары көтеріп біресе оңға, біресе солға иіледі)
Құрғады тез-ақ төңірек (барлық саусақтардың ұштарын түйістіре, тез-тез кезектестіре бір-біріне соғады)
Өрмекші өрмек тоқуға
Кірісті, дереу, тезірек

Музыкалық ойындар:

«Көңілді – мұңды» ойыны
(музыкалық туындының ерекшелігін анықтау үшін)
Ойын материалы: Төрт үлкен карточка: көңілді құлыншақ, көңілді ойыншықтар (тиін немесе піл), мұңды ит, мұңды қоян. Осы кейіпкерлердің суреттері салынған бірнеше кішкентай карточкалар.
Ойын барысы: Музыкалық жетекші әртүрлі әуендерді орындайды Балалар әуенді тыңдайды да сәйкес карточканы көрсетеді.
Көңілді
Жылқы жағалауда жүр екен
Жасыл желек үстінде.
Ол басын шұлғып,
Қара жалың желпілдетіп,
Алтын жүгенін сылдырлатып
Сыңғыр, сыңғыр ете
Тағып алған қоңыраулары,
Жорғалап ол жүреді

Мұңды
Мұңды көңілсіз жануарлар,
Олар ауырып қалған шығар.
Қоянның аяғы ауырып тұр,
Тұнжырап мұңайып тұр.
Сондықтанда олар,
Иттің басы ауырып тұр

«Үнінен таны»

Ойын материалы: Дабыл, сылдырмақ, үскірік, кселафон, керме (ширма)
Ойын барысы.
Музыка! Музыка!
Бұл не екен өзі?
Мүмкін бұл,
Көгілдір аспан шығар!
Мүмкін бұл,
Таңғы арай шығар?
Ал, мүмкін, музыка –
Тек қана дыбыстар шығар!

Музыкалық жетекші аспаптардың бірімен ойнайды. Балалар тыңдайды және музыкалық аспаптың атын атайды. Осыдан кейін атауын тапқан музыкалық аспаптарда өз бетімен ойнайды.

«Музыкалық сағат»

Ойын материалы: Қатты картоннан істелінген сағат.
Ойын барысы: Музыкалық жетекші балаларға таныс әннің әуенін ойнайды және әуенді тыңдап болғаннан кейін балаларға қай әннің орындалғанын сағат тілімен көрсетуді ұсынады. «Жасыл шырша», «Биші болам өскенде», «Біз бақытты баламыз», «Домбыра сазы», «Аяз ата», «Жаңбыр» «Сылдырмақ». Әннің басын тыңдағаннан кейін бір бала шығады да тыңдалған әуенге сәйкес келетін картинаны сағаттың тілімен көрсетеді. Ойын сағаттағы суреттерді айналып келгенше жалғасады.

«Көңілді паровоз»

Ойын материалы: Қатты картоннан жасалынған паровоз және аңдар.
Ойын барыс: «Көңілді паровоз» әдістемелік үстелге балалар жаққа қаратылып қойылады. Музыкалық жетекші балаларға бос терезелерге назар аударта отырып, паровоз бен оның вагондарын қарап шығуды ұсынады.
Одан әрі қарай паровозға машинашы мен жолаушылар қажет болғандықтан, оның ұзақ жолға шыға алмай тұрғанын хабарлайды. Ал вагондағы орындарға кім отыратындығын анықтауға музыка көмектеседі. Музыка жетекшісі «Қорбаңбай аю» пьесасын тыңдауды және оның атауын еске түсіруді ұсынады. Балалар пьесаның атауын табады, сөйтіп «Аш қасқыр», «Айлакер түлкі», «Көңілді қояндар».

«Музыкадағы үш кит»

Ойын материалы: Қатты картоннан жасалынған үш кит.
Ойын барысы: Ойын музыкадағы «Үш кит» Тақырыбыбы бойынша балалардың білімін бекіту үшін таныс материалдармен өткізіледі. Балалар үш шеңбер жасап тұрады, ортасында қолына «кит» ұстаған бала тұрады. «Марш» әуені ойнағанда кит – марш шеңберінде тұрған балалар марштайды. Ал «полька» әуені ойнағанда кит – биі, «Достық» әні ойнағанда кит – ән шеңберінде тұрған балалар әндетеді. Музыка жетекшісі музыкалық материалды өз қалауы мен Тақырыбыпты бекіту қажеттілігіне байланысты таңдайды.

«Музыкалық моншақтар»

Ойын материалы: Түрлі – түсті картоннан жасалынған моншақтар.
Ойын барысы: Ойын балаларды қысқа және ұзақ дыбыстармен таныстыру үшін қолданылады. Музыкалық жетекші шағын әнді немесе әуенді ойнайды, ол ойнатылғанда әуеннің ритмитикалық суреті анық естілуі тиіс және музыкадағы ұзақ және қысқа дыбыстарды табу керек. Бұл дыбыстарды үлкен және кіші моншақтардың көмегімен бейнелеуге болады. Үлкен моншақтар – бұл ұзақ дыбыстар, кіші моншақтар – қысқа дыбыстар.

«Музыкалық үйшік»

Ойын материалы: Қатты картоннан жасалынған үйшік және сол әйнектердің көлеміне сәйкес әртүрлі муз аспаптардың суреттері.
Ойын барысы: Музыка жетекшісі балаларға үйшікті көрсетеді. Ол үйшіктің ішінде әртүрлі аспаптарда ойнайтын, көңілді музыканттардың тұратынын айтады. Егер мұқият тыңдасақ, олардың әрқайсысының қандай музыкалық аспаптарда ойнайтынын білетін боламыз. Музыка жетекшісі балаларға таныс әнді әртүрлі музыкалық аспаптарда ойнап айтып береді. Балаларға ол аспаптарды көрсетпеу керек. Тапсырма жүктелген бала, қандай инструмент екенін тауып карточкалардың арасынан сол инструменттің суретін алып үишіктің әйнегіне апарып жабыстырады.

«Өз аспабыңды тап»

Ойын материалы: Музыкалық аспаптардың суреттері бейнеленген түссіз карточкалар және түрлі түсті төртке бөлінген үш карта, және балаларға арналған муз аспаптар, ширма.
Ойын барысы: Ойынға бір жүргізуші, екі бала қажет. Жүргізуші ширманың артындағы аспаптардың жанына төртке бөлінген түсті картаны қояды, ал түссіз картаны ойнайтын балаларға таратып береді. Балаларға аспаптардың дауысын тағыда біррет тыңдатып, өлең айта бастайды солай ойын басталады. Жүргізуші суреттің бір бөлігін көтеріп сол аспапта ойнап мен қандай аспапта ойнадым деп сұрайды. Дұрыс жауап берген балаға түсті картаның бір бөлігін беріліп ол карта түссіз картаның үстіне қойылады. Ойын карта жабылғанша жалғаса береді.

Тәжірибелер:

Тәжірибе: Құм қасиеттері
Міндеті: Балаларды құмның қасиеттерімен (сусымалылығы, ылғалдылығы, түсі) таныстыру.
Құралдар: Құрғақ құм, су, ыдыстар, қалыптар (формочкалар).
Барысы:
1. **Құрғақ құм:** Балаларға құрғақ құмды қолмен ұстатып, оның сусымалы екенін, саусақ арасынан ағып кететінін көрсету.
2. **Ылғалды құм:** Құмға су құйып, оның түсі қарайғанын және жабысқақ болғанын байқау.
3. **Құрастыру:** Ылғалды құмнан әртүрлі пішіндер жасап, оның форманы сақтайтынын дәлелдеу.
4. **Қорытынды:** Құрғақ құм сусымалы болады, ал ылғалды құмнан кез келген фигураны мүсіндеуге болады.

Зерттеу: Нан бізге қайдан келеді?
Міндеті: Нанның дастарханға келу жолы туралы түсінік беру, еңбекті құрметтеуге баулу.
Барысы:
1. **Дән:** Балаларға бидай дәнін көрсетіп, оның жерге егілетінін түсіндіру.
2. **Диірмен:** Дәннен ұн қалай алынатынын (тартылуын) әңгімелеу.
3. **Қамыр:** Ұннан қамыр илеп, нан пісіру процесін көрсету (бейнеролик немесе суреттер арқылы).
   Қорытынды: Нан көптеген адамдардың (диқан, диірменші, наубайшы) қажырлы еңбегімен келеді.

Тәжірибе: Су айналымы (Табиғаттағы айналым)
Міндеті: Судың қалай буға айналатынын және жаңбыр болып жауатынын түсіндіру.
Құралдар: Ыстық су құйылған ыдыс, шыны қақпақ немесе тәрелке.
Барысы:
1. **Булану:** Ыдысқа ыстық су құйып, бетін қақпақпен жабу. Будың жоғары көтерілгенін көрсету.
2. **Конденсация:** Біраз уақыттан кейін қақпақтың астында су тамшыларының жиналғанын байқау.
3. **Жауын:** Қақпақты сәл қисайтып, тамшылардың қайтадан суға құйылғанын (жаңбыр) көрсету.
   Қорытынды: Күн суды қыздырып, ол бу болып аспанға көтеріледі, суығанда қайтадан жаңбыр болып жерге түседі.

Дидактикалық ойын-зерттеу: Кім қайда өмір сүреді?
Міндеті: Жануарлар мен құстардың мекен ету ортасы туралы білімді бекіту.
Барысы:
1. **Талқылау:** Балаларға әртүрлі мекендердің (орман, су, үй, ұя) суреттерін көрсету.
2. **Сәйкестендіру:** Балалар жануарлардың мүсіндерін немесе суреттерін тиісті мекеніне қоюы керек (мысалы: балық – суға, аю – інге/орманға).
3. **Түсіндіру:** Неліктен ол жануар сол жерде өмір сүретінін айтып беру.

Зерттеу: Бұлт қайдан пайда болды?
Міндеті: Бұлттың түзілу процесін қарапайым тәжірибемен көрсету.

Құралдар: Шыны банка, ыстық су, мұз кесектері.
Барысы:
1. **Бу жасау:** Банкаға аздап ыстық су құйып, будың пайда болуын күту.
2. **Суыту:** Банканың бетіне темір қақпақ қойып, үстіне мұз кесектерін салу.
3. **Бұлт:** Банканың ішінде жылы бу мен суық қақпақтың әсерінен "тұман" немесе "кішкентай бұлттың" пайда болғанын бақылау.

Қорытынды: Жылы ауа жоғары көтеріліп, суық қабатпен кездескенде бұлтқа айналады.

Ұлттық ойындар:
«Бәйге»
Бұл ойын балабақша жағдайында атпен емес, **жүгіру** немесе **«атқа міну» (таяқшамен)** түрінде өткізіледі.
Ойын барысы: Балалар сөре сызығына тұрады. Белгі берілгенде, олар белгіленген мәреге дейін жүгіруі керек.
Ережесі:
Белгі берілмей тұрып жүгіруге болмайды.
Бір-бірін итермей, өз жолымен жүгіруі тиіс.
Мәреге бірінші жеткен бала жеңімпаз атанады.

«Жүзік жасырмақ»
Логиканы, зейінді және байқампаздықты дамытатын ойын.
Ойын барысы: Балалар шеңбер жасап отырады, қолдарын алға созып, алақандарын біріктіреді. Жүргізуші уысындағы жүзікті (немесе кішкентай затты) әр баланың алақанына салған болып шығады.
Ережесі:
Жүргізуші жүзікті білдіртпей біреуге қалдыруы керек.
Соңында «Жүзігімді тап!» дегенде, жүзік қолында бар бала орнынан жылдам тұруы керек, ал көршілері оны ұстап қалуға тырысады.
Егер ол қашып шықса, келесі жүргізуші болады.

«Соқыр теке»
Есту қабілеті мен кеңістікті бағдарлауды дамытады.
Ойын барысы: Ортаға көзі байланған бала («соқыр теке») шығады. Қалған балалар оны айнала жүріп, қолпаштап, дыбыс шығарады.
Ережесі:
«Соқыр теке» дыбыс арқылы балалардың бірін ұстап алуы керек.
Ұсталған баланың атын атап таныса, сол бала «соқыр теке» болады.
Ойын кезінде итерісуге немесе қатты айқайлауға болмайды.

«Аударыспақ» (Балалар нұсқасы)
Күш пен тепе-теңдікті сақтауға үйретеді.

Ойын барысы: Екі бала қарама-қарсы тұрып, бір-бірінің иығынан немесе қолдарынан ұстайды (кейде бір аяқпен тұрып ойнатылады).
Ережесі:
Қарсыласын өз орнынан қозғалту немесе тепе-теңдігін жоғалтуға мәжбүр ету керек.
Киімнен тартуға, шалуға немесе ұруға қатаң тыйым салынады.
Тек иықпен немесе қол күшімен итерісуге рұқсат.

«Теңге алу»
Міндеті: Ептілік пен жылдамдықты дамыту.
Ережесі: Жерге бірнеше жерден «теңгелер» (тастар немесе қағаздар) қойылады. Ойыншы «атпен» (таяқпен немесе жүгіріп) шауып келе жатып, еңкейіп жердегі теңгені тоқтамай іліп алуы керек. Кім көп теңге жинаса, сол жеңімпаз атанады.

«Тақия тастамақ»
Ойын ережесі:
Балалар шеңбер жасап отырады. Бір бала қолына тақия алып, ән айтып немесе жай жүріп балалардың артынан айналады. Ол білдіртпей бір баланың артына тақияны тастайды. Тақия артында қалған бала оны байқаса, орнынан тұрып, тақия тастаған баланы қуып жетуі керек. Егер қуып жетсе, ойыншы ауысады, жетпесе – өзі тақия тастайды. Ойын шапшаңдық пен байқампаздықты дамытады

Әткеншек
Ойын ережесі: Ойнаушылар шеңбер жасап тұрады. Тәрбиеші балаларға ұшы түйілген жіп береді. Балалар оң қолдарымен жіптен үстап, солға бұрылады да, мына тақпақты айтады:
Әрең-әрең әлдиледі,
Әткеншегім ән-билерін.
Тербеткенде ойнадым ғой,
Жүгіруді қоймадым ғой.
Балалар текстке сәйкес шеңбер жасап жүреді: алдымен жайлап, содан соң тезірек, ал соңында жүгіреді. Тәрбиеші балалар жүгірген кезде «Жү-гі-ре-міз, жү-гі-ре-міз» деген сөзді айтады.
Балалар шеңбердің бойымен екі рет жүгіріп шыққаннан кейін, тәрбиеші қимыл бағытын өзгертіп: «Бұрылыңдар», - дейді. Ойнаушылар шыр айналып, сол қолдарымен жіпті тез ұстайды да, екінші жаққа жүгіреді.
Содан соң тәрбиеші балалармен бірге қарай жалғастырады:

«Сақина тастау»
Міндеті: Шапшаңдыққа, байқампаздыққа баулу.
Ережесі: Ойыншылар шеңбер құрып отырады немесе тұрады, қолдарын алға созып, алақандарын біріктіреді. Бастаушы сақинаны (немесе тиынды) алақанына жасырып, әр ойыншының қолының арасынан жүріп өтеді. Ол білдіртпей бір ойыншының қолына сақинаны тастап кетеді. Содан соң: «Сақинам, сақинам, шық!» — дейді. Сақинасы бар бала тез жүгіріп шығуы керек, ал қасындағылар оны ұстап қалуға тырысады.

«Ақ терек, көк терек»
Міндеті: Күш-жігерді, ұйымшылдықты арттыру.
Ережесі: Балалар екі топқа бөлініп, бір-біріне қарама-қарсы қол ұстасып тұрады. Бірінші топ: «Ақ терек, көк терек, бізден сізге кім керек?» — деп сұрайды. Екінші топ бір баланың атын атайды. Сол бала жүгіріп келіп, қарсы топтың біріктірілген қолдарын үзіп өтуі керек. Егер үзсе, бір баланы өз тобына алып кетеді, үзе алмаса, өзі сол топта қалады.

«Тоғызқұмалақ»
Міндеті: Логикалық ойлауды, есептеуді машықтандыру.
Ережесі: Бұл — зияткерлік ойын. Арнайы тақтада 18 отау және 2 қазан болады. Әр отауға 9 құмалақтан салынады. Ойыншылар кезекпен құмалақтарды таратады. Мақсат — қарсыластың отауынан құмалақтарды жинап, өз қазанына көбірек (82-ден астам) жинау.
керек. Кім көп теңге жинаса, сол жеңімпаз атанады.

Бестемше» ойыны
Міндеті: Балаларды санауға, ойлауға, тапқырлыққа баулу; ойын ережесін сақтай отырып, қарсыласын сыйлауға машықтандыру.
Ойын құралдары: Арнайы бес-бестен 10 ұясы (отауы) бар тақта және әр ұяға салынатын бес-бестен құмалақ (барлығы 50 құмалақ).
Ойын ережесі мен барысы:

1. **Басталуы:** Ойынға екі бала қатысады. Тақтаның бір жағындағы 5 ұя — бір баланікі, екінші жағындағы 5 ұя — екінші баланікі. Ойын басында әр ұяда 5 құмалақтан болады.
2. **Жүріс жасау:** Ойынды бастайтын бала өз ұяларының біреуін таңдап, ішіндегі құмалақтарды алып, солдан оңға қарай әр ұяға бір-бірден салып шығады.

Маңызды ереже: Егер ұяда бір ғана құмалақ болса, ол келесі ұяға салынады. Егер бірнешеу болса, бірінші құмалақ алынған ұяның өзінде қалуы керек (бірақ балаларға арналған жеңіл нұсқада бәрін таратып салуға да болады).

3. **Ұту (Құмалақты алу):** Баланың соңғы құмалағы қарсыласының ұясына түсіп, ондағы құмалақтар санын **жұп** қылса (2, 4, 6, 8, 10), сол ұядағы барлық құмалақты өзіне алып, «қазанға» салады.
4. **Тұздық:** «Бестемшеде» (тоғызқұмалақтан айырмашылығы) әдетте тұздық ережесі қолданылмайды, тек құмалақтарды жұп қылып ұтуға негізделеді.
5. **Ойынның аяқталуы:** Қай баланың ұяларында құмалақ таусылып қалса (атсыз қалу), сол бала жеңіледі немесе ойын соңында «қазанында» құмалағы көп бала жеңімпаз атанады.

Арқан тартыс
Ойын ережесі: Ойынға ұзындығы 10 метрдей жуан кендір арқан керек. Ол арқанның тең ортасынан орамалмен орап белгі жасайды, белгінің екі жағынан бір жарым-екі метрдей жерден тағы да жоғарыдағы тәртіппен белгілейді. Ойынға қатынасушылар тең екі топқа бөлінеді. Олардың саны 10—12 адам болуы мүмкін, ойыншылар бойларына қарай қатар түзеп тұрады.

Айгөлек

Ойын ережесі: Балалар екі топқа бөлініп, бір-біріне қарама-қарсы қол ұстасып тұрады. Бір топ: «Айгөлек-ау, айгөлек, айдың жүзі дөңгелек...» деп бастап, қарсы топтан бір баланы шақырады. Шақырылған бала жүгіріп келіп, қарсы тұрған топтың қол ұстасып тұрған шебін бұзып өтуі керек. Егер бұзып өтсе, сол топтан бір баланы өз тобына алып кетеді, өте алмаса — өзі сол топта қалады.